

**Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру тәртібі мен шарттарын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 293 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығын орындау үшін, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті лицензиялау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

**1. Қоса беріліп отырған:**

Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті лицензиялау туралы ереже ;

Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті лицензиялау туралы ереже ;

Бағалы қағаздар рыногындағы кастодиалдық қызметті лицензиялау туралы ереже ;

Орталық депозитарийді лицензиялау туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) осы қаулыны жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.<\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қаулысымен .**

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 4 наурыздағы  
N 293 қаулысымен

Бекітілген

**Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті лицензиялау туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**ЕСКЕРТУ. Ереженің мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396 қаулысымен .**

Осы Ереже Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті лицензиялау және лицензиялық ережелердің, лицензияны қолдану мерзімдерінің сақталуына бақылау жасау тәртібін белгілейді.

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім), Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2227, "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлықтарының және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінің негізінде жасалды.

2. Лицензиялау брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының қызметтеріне бақылау жасау және инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚР ҰБ) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізеді. Аталған тізілімге сондай-ақ, лицензиятағы лицензияны берудің, тоқтатудың, тоқтата тұруды тоқтатудың және кері қайтарып алудың барлық фактілері туралы мәліметтер е н г і з і л е д і .

< \* >

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396**

қ а у л ы с ы м е н .

4. Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға арналған біліктілік талаптары қолданылып жүрген заңдармен айқындалады.

5. Қызметтің мынадай түрлері лицензиялауға жатады:  
нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік немесе дилерлік (I санатты лицензия);  
клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік немесе дилерлік (II с а н а т т ы л и ц е н з и я ) .

6. Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға кешенді лицензия I және II с а н а т т а р ғ а б е р і л е д і .

7. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметтерді жүзеге асыруға берілген лицензия (бұдан әрі - лицензия) уақытша болып табылады. Лицензияны қолдау мерзімі - үш жыл.

8. Брокерлік және дилерлік қызмет кастодиалдық қызметпен, бағалы қағаздар бумасын басқару жөніндегі қызметпен (инвестициялық қорлардың бағалы қағаздар бумасын басқару жөніндегі қызметтен басқа) қоса атқарылады және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа, кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен қоса атқарылмайды.

9. Брокерлік және дилерлік қызметтерге берілген лицензияның күші

Қазақстан Республикасының барлық аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын, бекітілген халықаралық келісімдері бар басқа да мемлекеттердің аумағында қолданылады.

## **II. Лицензияны берудің шарттары**

10. Лицензия алуға ниет білдірген заңды тұлғаға мынадай талаптар қойылады :

а) заңды тұлғаның штатында және оның әрбір филиалында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік куәлігі бар ең кемі үш маман болуы керек .

Бұл ретте мынадай санаттар міндетті аттестациялаудан өткізілуге жатады: клиенттердің бағалы қағаздарымен мәмілелер жасауды жүзеге асыруға қатысатын мамандар ;

брокерлік және дилерлік қызметтің орындалуын қамтамасыз ететін бөлімшелер мен бөлімдердің жетекшілері;

атқарушы директорлар (басқарушылар) немесе олардың брокерлік және дилерлік қызметтердің жүзеге асырылуына жауапты орынбасарлары.

Аталған мамандардың экономикалық, техникалық, заңдық жоғары немесе мамандығы бойынша кемінде үш жыл стажы бар арнаулы орта экономикалық білімдері болуы керек ;

б) нақтылы ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметтерді жүргізуге лицензия алу кезінде мамандардың брокерлік және дилерлік қызметтерге - I санатты біліктілік куәліктері және бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға - II санатты біліктілік куәліктері болуы керек;

в) клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз брокерлік және дилерлік қызметті жүргізуге лицензия алу кезінде мамандардың брокерлік және дилерлік қызметке - I санатты біліктілік куәліктері болуы керек;

г) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар кәсіби қатысушының өз капиталының жеткілікті деңгейі оның қызметінің барлық кезеңінде ҚР ҰБ-ның талаптарына сәйкес болуы керек;

д) өтінішінің жарғылық қоры тек қана ақша қаражаттарымен құрылуы керек;

е) ақпараттар ағымдарына және құжаттар айналысына, есеп жүргізуге және есеп беруге фирмаішілік бақылау жасау жүйесі болуы керек. Лицензиатта клиенттердің, оның өз бағалы қағаздарымен заңсыз және рұқсат етілмеген операциялар жүргізуді болдырмау жөніндегі тетіктер мен рәсімдер іске қосылуға тиіс ;

ж) ұйымдастыру техникалары, компьютерлер және бағалы қағаздар рыногының басқа кәсіби қатысушыларымен өзара әрекеттерді жүзеге асыруға арналған телекоммуникациялық жабдықтар болуы керек;

з) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруды тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге арналған үй-жай және бағдарламалық-техникалық құралдар  
б о л у к е р е к .

11. Брокерлік және дилерлік қызметті лицензиялау кезінде ҚР ҰБ өтінушінің қызметіне қатысты қосымша құжаттамаларды ұсынуды талап етуге құқылы.

Өтінушінің ұсынған құжаттарындағы мәліметтердің ақиқат еместігі үшін ҚР ҰБ  
ж а у а п б е р м е й д і .

12. Ұсынылған құжаттар заңның және осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе, өтінушіге брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беріледі. Лицензия бекітілген үлгі бойынша ресімделеді. Лицензияның сыртқы бетіне лицензияны қолдану мерзімі туралы ҚР ҰБ-ның белгісімен штамп қойылады. Сонымен қатар өтінушінің құрылтай құжаттарына тиісті белгілер жасалады - лицензиялаушы органның мөртаңбасы қойылады. Құрылтай құжаттарының бір данасы өтінушіге қайтарылады және лицензияның ажыратылмайтын бөлшегі болып табылады. Екінші данасы лицензиялаушы  
о р г а н ы н д а с а қ т а л а д ы .

13. Лицензия басшыға немесе өтінушінің уәкілетті өкіліне (сенімхат негізінде ) беріледі.

### **III. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар**

14. Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін заңды тұлға ҚР ҰБ-на мынадай құжаттарды ұсынады:  
ү л г і ө т і н і ш ;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;  
шаруашылық жүргізуші субъектінің статистикалық карточкасының көшірмесі ;

барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса тігілген және нотариалды жолмен куәландырылған құрылтай құжаттарының көшірмелері (екі  
д а н а ) ;

мыналар жөніндегі ережелерден тұратын құжаттар жиынтығы:

а) клиенттердің бағалы қағаздарына есеп жүргізу және сақтау тәртібі;  
ә) клиенттердің бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелердің орындалысына  
б а қ ы л а у ж а с а у т ә р т і б і ;

б) клиенттердің бағалы қағаздарымен және ақша қаражатымен жасалатын операцияларды  
о р ы н д а у т ә р т і б і ;

в) мәліметтердің тұтастығы мен ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етуге  
арналған мыналар туралы;

- құжаттарды тіркеу, сақтау және архивке өткізу тәсілдері;
- архивтермен жұмыс істеуге рұқсат беру тәртібі;
- мәліметтердің электрондық топтамаларын сақтау тәсілдері;

- клиенттердің бағалы қағаздарын және ақша қаражатын есепке алу жөніндегі бағдарламамен жұмыс істеу кезінде қызметкерлерге рұқсат беру туралы;

- клиенттердің бағалы қағаздарымен және ақша қаражатымен жасалған мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыру жөніндегі ішкі бақылау жүйесі;
- архивтегі мәліметтерді қалпына келтіру тәсілдері;
- өртке қарсы шаралар және штаттан тыс жағдаяттардағы әрекеттер сипатталған ішкі ережелер;

д) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары (құжатта өтінуші лауазымды тұлғаның міндеттері мен жауапкершілігі егжей-тегжей баяндалады);

е) брокер, дилер және клиент арасындағы шарттардың нысандары;

ж) өтінушінің бекітілген кәсіби әдеп ережелері;

бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған және бухгалтерлік есептің қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігі туралы аудиторлық қорытындымен (аудиторлық қорытынды жылдық баланстың мәліметтері бойынша беріледі және қолданылып жүрген заңдардың талаптарына сәйкес болу керек) расталған соңғы есепті жылдың және ҚР ҰБ құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның аяғына бухгалтерлік баланстарды және балансқа қосымшаларды (қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп);

өз капиталының жеткілікті деңгейінің қолданылып жүрген заңдарға сәйкес есептерін және жарғылық қорды қалыптастыруды растайтын қаржылық құжаттарды .

Екінші деңгейдегі банктер үшін өз капиталының жеткілікті деңгейінің есептеу әдістемесі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік актілерімен белгіленеді ;

брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын мамандардың, оның ішінде филиалдар мамандарының біліктілік куәліктерінің көшірмелері;

өтінушінің (оның филиалдарының) біліктілік куәліктері бар мамандарының еңбек кітапшаларының көшірмелері;

лицензиялық алымның төленгендігі туралы төлем тапсырысының көшірмесі.

1 5 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 15-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396 қаулысымен .**

16. Лицензиаттың жоғарыда көрсетілген құжаттарға қол қойылған лауазымды адамы құжаттарда көрсетілген деректердің ақиқаттығы үшін заңмен белгіленген жауапкершілікте болады.

**IV. Лицензия алу туралы өтініпті қарау мерзімдері**

17. Брокерлік және дилерлік қызметті лицензиялау үшін ұсынылған құжаттарды ҚР ҰБ-сы лицензиялау үшін құжаттар пакетін ұсынылған сәттен бастап 30 күн ішінде қарайды. Ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, ҚР ҰБ-дан ресми жауап алған сәттен бастап бір тоқсан ішінде кемшіліктерді жоюды жүзеге асыру керек. Көрсетілген мерзім асып кеткен жағдайда, өтінуші бухгалтерлік құжаттарды, аудиторлық қорытындыны және өз капиталының соңғы есепті күн жағдайындағы есебін ұсыну керек.

#### **V. Лицензия берілгені үшін алым**

18. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

#### **VI. Лицензияны беруден бас тарту және шағымд ану**

1 9 . Е г е р :

субъектілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға заң актілерімен тыйым салынса;  
осы Ереженің 14-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылса;

лицензия берілгені үшін алым төленбесе;  
өтінушіге қатысты, оған қызметтің осы түрімен шұғылдануға тыйым салатын соттың шешімі бар болса;  
өтінуші белгіленген біліктілік талаптарына сай келмесе;  
өтінуші ұсынған ақпараттың қолданылып жүрген заңдарды және ҚР ҰБ нормативтік актілерін бұзуға әкеп соғатындығы расталса лицензия берілмейді.

20. Лицензия беруден бас тартылған жағдайда, лицензия беру үшін белгіленген мерзім ішінде өтінушіге жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

21. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе өтінушіге лицензия беруден бас тарту дәлелсіз болса, ол осы әрекеттер жөнінде сот тәртібімен бір ай ішінде шағымдануға құқықты.

#### **VII. Лицензияны қолдануды тоқтату**

2 2 . Л и ц е н з и я :

лицензия берілген мерзім аяқталған;  
лицензия кері қайтарылып алынған;  
лицензия берілген заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда өз күшін тоқтатады.

23. Заңды тұлға қайта тіркелгенде лицензия берілген мерзімінің соңына дейін сақталады .

24. Лицензияны қолдауды тоқтатуға байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

## **VIII. Лицензияны қайтарып алу және оны қолдануды тоқтата тұру**

25. Лицензия:

лицензия мазмұнындағы талаптарды лицензиат орындамаған; лицензияны қолдануды тоқтатуға себеп болған кемшіліктер жойылмаған; лицензия бойынша жүзеге асыратын қызмет түрімен лицензиаттың шұғылдануына сот тыйым салған жағдайларда қайтарылып алынуы мүмкін.

26. Мынадай жағдайларда:

лицензия алуға ұсынылған құжаттарда ақиқат емес ақпараттар анықталса; осы Ереженің 32 және 33-тармақтарының талаптары бұзылса; өз капиталының ең аз мөлшері ҚР ҰБ белгілеген талаптарға сәйкес келмесе; лицензия берілген сәттен бастап бір жыл ішінде қолданылмаса; бағалы қағаздар рыногын реттейтін заңдар бұзылса лицензияны қолдану тоқтатыла тұруы мүмкін.

27. Лицензиар тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, лицензияны қолдануды алты айға дейінгі мерзімге тоқтатуға құқылы.

28. Лицензияны қолдану тоқтатыла тұрған жағдайда лицензиат анықталған кемшіліктерді жоюға міндетті, содан кейін ҚР ҰБ-ның жазбаша хабарламасы бойынша лицензияны қолдану жаңартылуы мүмкін. Лицензияны қолдануды тоқтата тұру туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін лицензиаттың қызметі заңсыз болып саналады және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

29. Лицензия кері қайтарылып алынған жағдайда, лицензиат ресми хабарламаны алған сәттен бастап он күн ішінде лицензияны және ҚР ҰБ-ның белгісі қойылған жарғыны ҚР ҰБ-сына қайтаруға міндетті.

30. Лицензияны кері қайтарып алу және тоқтата тұру туралы ҚР ҰБ-ның шешімі жөнінде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **IX. Лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасау**

31. Брокерлік және дилерлік қызметтің жүзеге асырылуына бақылау жасауды ҚР ҰБ-атқарушы аппараты жүргізеді.

32. Лицензия алған тұлға осы Ереженің 14-тармағына сәйкес лицензиялауға ұсынған құжаттардағы өзгерістер туралы ҚР ҰБ-ға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Өзгерістер туралы мәліметтер ҚР ҰБ-ға он күн мерзімде берілу керек.

33. Лицензиат ҚР ҰБ айқындалған мерзімде бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру жөніндегі жұмыстың қорытындылары туралы есеп беруге міндетті.

34. Лицензияны қолдануға бақылау жасау барысында ҚР ҰБ брокерлік-дилерлік қызметке жергілікті жерлерде тексеріс жүргізуге міндетті.

Лицензиат ҚР ҰБ-ның талап еткен ақпаратты сұрау салынған сәттен бастап он күннен кешіктірмей беруге міндетті.

Брокер, дилер жүзеге асыратын жұмыстар мен қызметтердің тізбесі:

- а) нақтылы ұстаушының функциясын орындау;
- б) клиенттердің тапсырмаларын қабылдау және тиісті контрагенттер іздеу арқылы мәмілелер жасау;
- в) өз атынан немесе клиенттердің есебінен бағалы қағаздармен операциялар жүргізу арқылы клиенттердің мүдделерін көрсету;
- г) инвестициялық шешімдер қабылдау үшін клиенттерге қажетті ақпараттар мен ұсыныстар беру;
- д) мәмілелерді орындау және құжаттық ресімдеу;
- е) клиенттердің тапсырмалары бойынша бағалы қағаздармен операциялар жүргізу жөніндегі әртүрлі мәселелер бойынша есептер дайындау;
- ж) консультациялық, ақпараттық және депонентпен жасасқан шарт бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін қызметтердің өзге түрлері.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 4 наурыздағы  
N 293 қаулысымен

бекітілген

**Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу  
жөніндегі қызметті лицензиялау туралы**

### **ЕРЕЖЕ**

**ЕСКЕРТУ.** Ереженің мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396 қаулысымен .

Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті лицензиялау туралы ереже (Ереже) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚР ҰБ) Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті (бұдан әрі - тіркеушілік қызмет) лицензиялау, сондай-ақ лицензиялық ережелер мен лицензияны қолдану мерзімдеріне бақылау жасауды жүзеге асыру тәртібін белгілейді. <\*>

**ЕСКЕРТУ.** Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396 қаулысымен .

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім), Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2227, "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлықтарының, Қазақстан



Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі N 944 қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі ереженің" негізінде ж а с а л д ы .

2. Лицензиялау бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының қызметтеріне бақылау жасау және инвесторлардың мүдделерін қорғау ма қ с а т ы н д а жү р г і з і л е д і .

3. ҚР ҰБ бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырауға құқық беретін лицензия алған бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізеді. Аталған тізілімге, сондай-ақ лицензияны берудің, тоқтата тұрудың және тіркеушіден кері қайтарып алудың барлық фактілері туралы мәліметтер енгізіледі.

4. Тіркеушілік қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға арналған біліктілік талаптары қолданылып жүрген заңдармен айқындалады.

5. Эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерін жүргізу жөнінде қызмет көрсететін тіркеушілердің қызметі лицензиялауға жатады.

6. Бағалы қағаздар рыногында тіркеушілік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия (бұдан әрі - лицензия) уақытша болып табылады. Лицензияны қолдану м е р з і м і - 3 ж ы л .

7. Бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет бағалы қағаздар рыногындағы айрықша қызмет болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа, кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен қоса атқарылмайды.

8. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын, күшіне енгізілген халықаралық келісімдері бар басқа да мемлекеттердің аумағында қолданылады.

## **II. Лицензияны берудің шарттары**

9. Лицензия алуға ниет білдірген заңды тұлғаға мынадай талаптар қойылады:

а) заңды тұлғаның штатында және оның әрбір филиалында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік куәлігі бар ең кемі үш маман болуы керек.

Бұл ретте тұлғалардың мынадай санаттары міндетті аттестациялаудан ө т к і з і л у г е ж а т а д ы :

бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерін жүргізуге қатысатын, клиенттермен тікелей жұмыс істейтін мамандар;

бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерін жүргізуді қамтамасыз ететін бөлімшелер мен бөлімдердің жетекшілері;

бірінші басшы немесе оның орынбасарларының біреуі.

Осы аталған мамандардың экономикалық, техникалық заңдық жоғары немесе мамандығы бойынша кемінде үш жыл стажы бар арнаулы орта экономикалық білімдері болу керек;

б) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар кәсіби қатысушының өз капиталының жеткілікті деңгейі оның қызметінің барлық кезеңінде ҚР ҰБ-ның талаптарына сәйкес болу керек;

в) өзінің бағалы қағаздарының эмиссиясы тіркелу керек (акционерлік қоғамдар үшін);

г) ұйымдастыру техникалары, кемінде екі компьютер және бағалы қағаздар рыногының басқа кәсіби қатысушыларымен өзара әрекеттерді жүзеге асыруға арналған телекоммуникациялық жабдықтар болу керек;

д) ақпараттар ағымдарына және құжаттар айналысына, есеп жүргізуге және есеп беруге фирмашілік бақылау жасау жүйесі болу керек. Өтінушіде клиенттердің, оның өз бағалы қағаздарымен заңсыз және рұқсат етілмеген операциялар жүргізуді болдырмау жөніндегі тетіктер мен рәсімдер іске қосылуға тиіс;

е) бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін сақтауға арналған ұйым-жай болу керек.

10. Тіркеушілік қызметті лицензиялау кезінде ҚР ҰБ өтінушіден оның қызметіне қатысты қосымша құжаттамаларды талап етуге, сондай-ақ осы қызметтің заңмен белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасауға құқықты.

Өтінішінің ұсынған құжаттарындағы мәліметтердің ақиқат еместігі үшін ҚР ҰБ жауап бермейді.

11. Ұсынылған құжаттар заңдардың және осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе, өтінушіге тіркеушілік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беріледі. Лицензия бекітілген үлгі бойынша ресімделеді. Лицензияның сыртқы бетіне лицензияны қолдану мерзімі көрсетілген мөртаңбасы қойылады. Сонымен қатар өтінушінің құрылтай құжаттарына тиісті белгі жасалады - лицензиялаушы органның штампы қойылады. Құрылтай құжаттарының бір данасы өтінушіге қайтарылады және лицензияның ажыратылмайтын бөлшегі болып табылады. Екінші данасы лицензиялаушы органда сақталады.

12. Лицензия басшыға немесе өтінушінің уәкілетті өкіліне (сенімхат негізінде) беріледі.

### **Ш. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар**

13. Эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметке лицензия алу үшін мынадай құжаттар ұсынылу қажет:

үлгі өтініш;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;  
барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса тігілген және  
нотариальды жолмен куәландырылған құрылтай құжаттарының көшірмелері (екі  
д а н а ) ;

шаруашылық жүргізуші субъектінің статистикалық карточкасы;  
бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін жүргізу тәртібі мен жүйесін реттейтін:  
а) қызмет көрсету үшін тіркеушінің бағалы қағаздарды қабылдау тәртібі;  
б) тіркеушінің бағалы қағаздармен және жеке шоттармен операциялардың  
барлық түрін жүргізу тәртібі;

в) мәліметтердің тұтастығы мен ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз  
етуге арналған мыналар туралы:

- құжаттарды тіркеу, сақтау және архивке өткізу тәсілдері;
- архивтермен жұмыс істеуге рұқсат беру тәртібі;
- мәліметтердің электрондық топтамаларын сақтау тәсілдері;
- тізілімді жүргізу бағдарламасымен жұмыс істеу кезінде қызметкерлерге  
р ұ қ с а т б е р у ;

- ішкі бақылау жүйесі және тізілім жүргізу жүйесіне енгізілген мәліметтерді  
т е к с е р у т ә р т і б і ;

- мәліметтер жоғалған жағдайда, оларды қалпына келтіру тәсілдері;
- өртке қарсы шаралар және штаттан тыс жағдаяттардағы әрекеттер  
с и п а т т а л ғ а н і ш к і е р е ж е л е р ;

г) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары;

д) тіркеушінің эмитентпен, инвесторлармен және нақтылы ұстаушылармен  
қатынастары толық сипатталатын ішкі құжаттарды (екі дана);

бағалы қағаздар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті сақтандыру және  
аталған қызмет процесінде туындаған қауіп-қатерлерді азайтудың арнаулы  
бағдарламаларына (мұндай шарттар мен құжаттар бар болғанда) қатысу туралы  
м ә л і м е т т е р д і ;

бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған, заңды тұлғаның мөрімен  
куәландырылған және бухгалтерлік есептің қолданылып жүрген заңдарға  
сәйкестігі туралы аудиторлық қорытындымен (аудиторлық қорытынды жылдық  
баланстың мәліметтері бойынша беріледі және қолданылып жүрген заңдардың  
талаптарына сәйкес болу керек) расталған соңғы есепті жылдың және ҚР ҰБ-на  
құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы тоқсанның аяғына бухгалтерлік  
баланстарды және балансқа қосымшаларды (қаржылық-шаруашылық қызметтің  
нәтижелері туралы есеп, ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп);

өз капиталының қолданылып жүрген заңдарға сәйкес есептерін және  
жарғылық қорды құруды растайтын қаржылық құжаттарды;

мамандардың, оның ішінде бағалы қағаздармен операциялар жүргізетін

филиалдар мамандарының біліктілік куәліктерінің көшірмелері;  
біліктілік куәліктері бар мамандардың еңбек кітапшаларының көшірмелері;  
лицензиялық алым төленгендігі туралы төлем тапсырысының көшірмесі.

14. Екінші деңгейдегі банктер банктік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін лицензияның көшірмесін ұсынулары қажет. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396**

қ а у л ы с ы м е н .

15. Өтінішінің жоғарыда көрсетілген құжаттарға қол қойған лауазымды адамды құжаттарда көрсетілген деректер ақиқаттығы үшін заңмен белгіленген жауапкершілікте болады.

#### **IV. Лицензия беру туралы өтініштерді қарау мерзімдері**

16. Құжаттар ҚР ҰБ-на келіп түскен сәттен бастап 30 күн ішінде қаралады. Ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, ҚР ҰБ-дан ресми жауап алған сәттен бастап бір тоқсан ішінде кемшіліктерді жоюды жүзеге асыру керек. Көрсетілген мерзім асып кеткен жағдайда, өтінуші бухгалтерлік құжаттарды, аудиторлық қорытындыны және капиталының соңғы есепті күн жағдайындағы есебін ұсыну керек.

#### **V. Лицензия берілгені үшін алым**

17. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

#### **VI. Лицензия беруден бас тарту және шағымдану**

18. Егер:

субъектілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға заң актілерімен тыйым салынса;

осы Ереженің 13-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаса;

лицензия берілгені үшін алым төленбесе;

өтінушіге қатысты, оған осы қызмет түрімен шұғылдануға тыйым салатын соттың шешімі бар болса;

өтінуші бекітілген біліктілік талаптарына сай келмесе;

өтінуші ұсынған ақпараттың қолданылып жүрген заңдар мен ҚР ҰБ нормативтік актілерін бұзуға әкеп соғатындығы расталса лицензия берілмейді.

19. Лицензия беруден бас тартқан кезде өтінушіге жазбаша түрде, лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде дәлелді жауап беріледі.

20. Егер лицензия белгілеген мерзімде берілмесе немесе өтінушіге лицензия беруден бас тарту дәлелсіз болса, ол бір ай мерзім ішінде осы әрекеттер жөнінде сот тәртібімен шағымдануға

құқықты.

## **VII. Лицензияны қолдануды тоқтату**

21. Лицензия:

лицензияны қолдану мерзімі аяқталған;

лицензия қайтарып алынған;

лицензия берілген заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда өз қызметін тоқтатады.

22. Заңды тұлға қайта тіркелгенде лицензия мерзімінің аяғына дейін сақталады.

23. Лицензияның күшін тоқтатуға байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

## **VIII. Лицензияны қайтарып алу және оны қолдануды тоқтата тұру**

24. Лицензия:

лицензия мазмұнындағы талаптарды лицензиат орындамаған;

лицензияны қолдануды тоқтатуға себеп болған кемшіліктер жойылмаған;

лицензия бойынша жүзеге асырылатын қызмет түрімен лицензиаттың шұғылдануына сот тыйым салған жағдайларда қайтарылып алынуы мүмкін.

25. Лицензияны қолдану:

лицензия алуға ұсынылған құжаттарда ақиқат емес ақпараттар анықталған;

осы Ереженің 31 және 32-тармақтарының талаптары бұзылған;

өз капиталының ең аз мөлшері ҚР ҰБ белгілеген талаптарға сәйкес келмеген;

лицензияны берілген сәттен бастап бір жыл ішінде қолданбаған;

бағалы қағаздар рыногындағы қызметтерді реттейтін заңдар бұзылған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.

26. Лицензиар кідірту себептерін көрсете отырып, лицензияны қолдануды алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

27. Лицензияны қолдану тоқтатыла тұрған жағдайда лицензиат анықталған жолсыздықтарды жоюға міндетті, содан кейін ҚР ҰБ-ның жазбаша хабарламасы бойынша лицензияны қолдану жаңартылуы мүмкін. Лицензияны қолдануды тоқтата тұру туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейінгі лицензиаттың қызметі заңсыз болып саналады және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

28. Лицензия кері қайтарылып алынған жағдайда лицензиат ресми хабарламаны алған сәттен бастап он күн ішінде лицензияны және ҚР ҰБ-ның

белгісі қойылған жарғыны ҚР ҰБ-сына қайтаруға міндетті.

29. Лицензияны қайтарып алу немесе қолдануды тоқтата тұру туралы ҚР ҰБ-ның шешімі жөнінде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **ІХ. Лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасау**

30. Тіркеушілік қызметті жүзеге асыруға бақылау жасауды ҚР ҰБ-ның атқарушы аппараты жүзеге асырады.

31. Лицензия алған тұлға осы Ереженің 13-тармағына сәйкес лицензиялауға ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы ҚР ҰБ-ға жазбаша түрде хабарлауға м і н д е т т і .

Өзгерістер туралы мәліметтер ҚР ҰБ-ға он күн мерзімде берілуі керек.

32. Лицензиат ҚР ҰБ айқындаған мерзімде бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру бойынша жұмыс қорытындылары туралы есеп беруге м і н д е т т і .

33. Лицензияны қолдануға бақылау жасау барысында ҚР ҰБ тіркеушілік қызметке жергілікті жерлерде тексеріс жүргізуге құқықты. Лицензиат ҚР ҰБ талап еткен ақпаратты сұрау салынған сәттен бастап он күннен кешіктірілмей б е р у г е м і н д е т т і .

Тіркеуші жүзеге асыратын жұмыстар мен қызметтердің тізбесі:

1. Бағалы қағаздар иеленушілерінің құқықтарын тіркеу.
2. Бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жинау, белгілеу, жүргізу және с а қ т а у .
3. Бағалы қағаздар ұстаушыларының құқықтарын растау.
4. Эмитенттен оның бағалы қағаздарын ұстаушыларына ақпараттар беру.
5. Эмитенттің тілегі бойынша консалтингтік, ақпараттық және эмитентпен жасасқан шартта көзделген, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де қызметтер көрсету.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 4 наурыздағы  
N 293 қаулысымен

Бекітілген

**Бағалы қағаздар рыногындағы кастодиалдық қызметті  
лицензиялау туралы  
ЕРЕЖЕ**

**ЕСКЕРТУ.** Ереженің мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396 қаулысымен .

Бағалы қағаздар рыногындағы кастодиалдық қызметті лицензиялау туралы ереже (Ереже) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (ҚР ҰБ) Қазақстан

Республикасындағы кастодиалдық қызметті лицензиялау және лицензиялық ережелердің, лицензияны қолдану мерзімдерінің сақталуына бақылау жасау тәртібін айқындайды. < \* >

**ЕСКЕРТУ. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396 қаулысымен .**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім), Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2227, "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі N 944 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногындағы кастодиалдық қызмет туралы ереженің" негізінде жасалады.

2. Кастодиалдық қызметті лицензиялау кастодиалдық қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметтеріне бақылау жасауды қамтамасыз ету және инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында жүргізіледі.

3. ҚР ҰБ кастодиалдық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алған бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бірыңғай тізілімін жүргізеді. Аталған тізілімге, сондай-ақ лицензиятағы лицензияны берудің, тоқтатудың, тоқтата тұруды тоқтатудың және қайтарып алудың барлық фактілері туралы мәліметтер енгізіледі.

4. Кастодиалдық қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға арналған біліктілік талаптары қолданылып жүрген заңдармен айқындалады.

5. Бағалы қағаздар рыногындағы кастодиалдық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия (бұдан әрі - лицензия) уақытша болып табылады. Лицензияның қолданылу мерзімі - 3 жыл.

6. Кастодиалдық қызмет айрықша болып табылатын қызмет түрлерінен басқа, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің кез келген түрімен қоса атқарылады.

7. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын, күшіне енгізілген халықаралық келісімдері бар басқа да мемлекеттердің аумағында қолданылады.

### **II. Лицензияны берудің шарттары**

8. Лицензия алуға ниет білдірген заңды тұлғаға мынадай талаптар қойылады:

а) қоғамның штатында және оның құрамына кіретін әрбір филиалында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға

біліктілік куәлігі бар кемінде үш маман болу керек.

Бұл ретте тұлғалардың мынадай санаттары міндетті аттестациялаудан өткізілуге жатады:

кастодиалдық қызметті жүзеге асыруға қатысатын мамандар;  
кастодиалдық қызметтің орындалысын қамтамасыз ететін бөлімдер мен бөлімшелердің жетекшілері;

кастодиалдық қызметті жүзеге асыруға жауап беретін атқарушы директорлар (басқарушылар) немесе олардың орынбасарлары.

Аталған мамандардың экономикалық, техникалық, заңдық жоғары білімдері немесе кемінде үш жыл жұмыс стажы бар экономикалық орта арнаулы білімдері бар болуы керек;

б) кастодиалдық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар кәсіби қатысушының жеке капиталының жеткілікті деңгейі оның қызметінің барлық кезеңінде ҚР ҰБ-ның талаптарына сәйкес болу керек;

в) ақпараттар ағымдарына және құжаттар айналысына, есеп жүргізуге және есеп беруге фирмаішілік бақылау жасау жүйесі болу керек. Лицензиатта клиенттің, оның бағалы қағаздарымен және ақша қаражаттарымен заңсыз және рұқсат етілмеген операциялар жүргізуді болдырмау жөніндегі тетіктер мен ресімдер іске қосылуға тиіс;

г) ұйымдастыру техникалары, компьютерлер және бағалы қағаздар рыногының басқа кәсіби қатысушыларымен өзара әрекеттерді жүзеге асыруға арналған телекоммуникациялық жабдықтар болу керек;

д) кастодиалдық қызметті тиісті түрде жүзеге асыруды қамтамасыз ететін үй-жай және бағдарламалық-техникалық құралдар болу керек;

е) өзінің бағалы қағаздарының эмиссиясы тіркелу керек.

9. Кастодиалдық қызметті лицензиялау кезінде ҚР ҰБ өтінушінің қызметіне қатысты қосымша құжаттарды талап етуге, сондай-ақ осы қызметтің заңмен белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруға құқықты.

Өтінушінің ұсынған құжаттарындағы мәліметтердің ақиқат еместігі үшін ҚР ҰБ жауап бермейді.

10. Ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе, өтінушіге кастодиалдық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беріледі. Лицензия бекітілген үлгі бойынша ресімделеді. Лицензияның сыртқы бетіне лицензияны қолдану мерзімі туралы белгісімен ҚР ҰБ-ның штампы қойылады. Сонымен қатар тінушінің құрылтай құжаттарына тиісті белгі жасалады - лицензиялаушы органның мөртаңбасы қойылады. Құрылтай құжаттарының бір данасы өтінушіге қайтарылады және алынған лицензияның ажыратылмайтын бөлшегі болып табылады. Екінші данасы



лицензиялаушы                      органда                      сақталады.

11. Лицензия басшыға немесе лицензиаттың уәкілетті өкіліне (сенімхат негізінде) беріледі.

### **Ш. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар**

12. Кастодиалдық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін заңды тұлға ҚР ҰБ-на                      мынадай                      құжаттарды                      ұсынады:

ү л г і                      ө т і н і ш ;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;  
шаруашылық жүргізуші субъектінің статистикалық карточкасы;  
барлық өзгерістермен және толықтырулармен қоса тігілген және нотариалды жолмен расталған құрылтай құжаттарының көшірмелері (екі дана);

к а с т о д и а н н ы ң :

а) клиенттердің бағалы қағаздарына есеп жүргізу және сақтау тәртібі;

б) клиенттердің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелердің орындалысын  
б а қ ы л а у                      т ә р т і б і ;

в) бағалы қағаздармен жүргізілген операцияларды орындау тәртібі;

г) ақпараттардың тұтастығы мен құпиялығын қамтамасыз етуге арналған:

- құжаттарды тіркеу, сақтау және архивке өткізу тәсілдері;

- архивтермен жұмыс істеуге рұқсат беру тәртібі;

- мәліметтердің электрондық топтамаларын сақтау тәсілдері;

- клиенттердің бағалы қағаздары мен ақша қаражаттарын сақтау жөніндегі бағдарламамен жұмыс істеуге қызметкерлерге рұқсат беру;

- ішкі бақылау жүйесі және клиенттердің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі мәліметтерді тексеру;

- мәліметтер жоғалған жағдайда, оларды қалпына келтіру тәсілдері;

- өртке қарсы шаралар және штаттан тыс жағдаяттардағы әрекеттер туралы  
і ш к і                      б а қ ы л а у                      е р е ж е л е р і ;

д) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары (құжатта кастодианның лауазымды тұлғаларының міндеттері мен жауапкершілігі егжей-тегжейлі түрде сипатталады)                      енгізілген                      құжаттар                      жүйесін;

бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған және бухгалтерлік есеп берудің қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігі туралы аудиторлық қорытындымен (аудиторлық қорытынды жылдық бухгалтерлік баланстың мәліметтері бойынша беріледі және қолданылып жүрген заңдардың талаптарына сәйкес болу керек) расталған соңғы есепті жылдың және құжаттарды ҚР ҰБ-на нұсқау алдындағы соңғы тоқсанның аяғына бухгалтерлік баланстарды және балансқа қосымшаларды (қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп, ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп);

өз капиталының қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеткілікті деңгейінің

е с е б і ;

мамандардың, оның ішінде кастодиалдық қызметті жүзеге асыратын филиалдар мамандарының біліктілік куәліктерінің көшірмелері;  
өтінушінің (оның филиалдарының) біліктілік куәліктері бар мамандарының еңбек кітапшаларының көшірмелері;  
лицензиялық алымды төлегендігі туралы төлем тапсырмасының көшірмесі.

13. Кастодиалдық қызметпен тек қана заңды және жеке тұлғалардан депозиттер қабылдауға, аудару және сейфтік операцияларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер шұғылдана алады. < \* >

**ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396**

қ а у л ы с ы м е н .

14. Жоғарыда көрсетілген құжаттарға қол қойған лицензиаттың лауазымды тұлғалары осы құжаттардағы деректердің ақиқаттығы үшін заңмен белгіленген жауапкершілікте болады.

#### **IV. Лицензия беру туралы өтінішті қарау мерзімдері**

15. Кастодиалдық қызметті лицензиялау үшін ұсынылған құжаттарды ҚР ҰБ лицензиялау үшін құжаттар пакетін ұсынған сәттен бастап 30 күн ішінде қарайды. Ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, БҚҰК-дан ресми жауап алған сәттен бастап бір тоқсан ішінде кемшіліктерді жоюды жүзеге асыру керек. Көрсетілген мерзім асып кеткен жағдайда, өтінуші бухгалтерлік құжаттарды, аудиторлық қорытындыны және жеке капиталының соңғы есепті күн жағдайындағы есебін ұсыну керек.

#### **V. Лицензия берілгені үшін алым**

16. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

#### **VI. Лицензияны беруден бас тарту және шағымдану**

1 7 . Е г е р :

субъектілердің осы санатына қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға заң актілерімен тыйым салынса;

осы Ереженің 12-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаса;

лицензия берілгені үшін алым төленбесе;  
өтінушіге қатысты, оған қызметтің осы түрімен шұғылдануға тыйым салатын соттың шешімі бар болса;

өтінуші белгіленген біліктілік талаптарына сай келмесе;  
өтінуші ұсынған ақпараттың қолданылып жүрген заңдарды және БҚҰК нормативтік актілерін бұзуға әкеп соғатындығы расталса лицензия берілмейді.

18. Лицензия беруден бас тартқан кезде өтінушіге жазбаша түрде лицензия беру үшін белгіленген мерзімде дәлелді жауап беріледі.

19. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе өтінушіге лицензия беруден бас тарту дәлелсіз болса, ол бір ай мерзім ішінде осы әрекеттер жөнінде сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

## **VII. Лицензияны қолдануды тоқтату**

20. Лицензия :

лицензияны қолдану мерзімі аяқталған;  
лицензия қайтарылып алынған;

лицензия берілген заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда өз қызметін тоқтатады.

21. Заңды тұлға қайта тіркелгенде лицензия мерзімінің соңына дейін сақталады .

22. Лицензияның күшін тоқтатуға байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

## **VIII. Лицензияны қайтарып алу және оны**

қолдануды тоқтата тұру

23. Лицензия :

лицензиядағы талаптарды лицензиат орындамаған;  
лицензиядағы қолдануды тоқтата тұруға себеп болған кемшіліктер жоюлмаған ;

лицензия бойынша жүзеге асырылатын қызмет түрімен лицензиаттың шұғылдануына сот тыйым салған жағдайларда қайтарылып алынуы мүмкін.

24. Лицензияны қолдану :

лицензия алуға ұсынылған құжаттардағы ақпараттың ақиқат еместігі анықталған ;

осы Ереженің 30 және 31-тармақтарының талаптары бұзылған;  
жеке капиталының ең аз мөлшері ҚР ҰБ белгілеген талаптарға сәйкес келмеген ;

лицензия берілген сәттен бастап бір жыл ішінде қолданылмаған;  
бағалы қағаздар рыногындағы қызметтерді реттейтін заңдар бұзылған жағдайларда лицензияны қолдану тоқтатыла тұруы мүмкін.

25. Лицензиар тоқтатыла тұру себептерін көрсете отырып, лицензияны қолдануды алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

26. Лицензияның қолдану тоқтатыла тұрған жағдайда лицензиат анықталған кемшіліктерді жоюға міндетті, содан кейін ҚР ҰБ жазбаша хабарламасы бойынша лицензияны қолдану қайта іске қосылуы мүмкін. Лицензияны қолдануды тоқтата тұру туралы жазбаша хабарламаны алғаннан кейінгі лицензиаттың қызметі заңсыз болып саналады және Қазақстан Республикасының

заңдарымен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

27. Лицензия қайтарылып алынған жағдайда, лицензиат ресми хабарламаны алған сәттен бастап он күн ішінде лицензияны және ҚР ҰБ-ның белгісі қойылған жарғыны ҚР ҰБ-сына қайтаруға міндетті.

28. Лицензияны қайтарып алу және тоқтата тұру туралы ҚР ҰБ-ның шешімі жөнінде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **ІХ. Лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасау**

29. Кастодиалдық қызметке бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 29-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396**

**қ а у л ы с ы м е н .**

30. Лицензия алған тұлға осы Ереженің 12-тармағына сәйкес лицензиялауға ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы ҚР ҰБ-на жазбаша түрде хабарлауға м і н д е т т і .

Өзгерістер туралы деректер ҚР ҰБ-на он күн мерзімде берілу керек.

31. Лицензиат ҚР ҰБ айқындаған мерзімде бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті жүзеге асыру бойынша жұмыстың қорытындылары туралы есеп б е р у г е м і н д е т т і .

32. Лицензияны қолдануға бақылау жасау барысында ҚР ҰБ кастодиалдық қызметке өз орындарында тексеріс жүргізуге құқылы. Лицензиат ҚР ҰБ талап еткен ақпаратты сұрау салынған сәттен бастап он күннен кешіктірмей беруге м і н д е т т і .

Кастодиан жүзеге асыратын жұмыстар мен қызметтердің тізбесі:

- а) өз клиенттерінің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелердің орындалысына бақылау жасау;
- б) клиенттерінің сақтауға орналастырылған бағалы қағаздары мен ақша қаражаттарының сақталысына және оларға есеп жүргізілуін қамтамасыз ету;
- в) атаулы бағалы қағаздарға есеп жүргізу;
- г) бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушысы ретінде қызметті жүзеге асыру;
- д) клиенттердің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер жөніндегі төлем агентінің функциясын атқару;
- е) клиенттердің бағалы қағаздары мен ақша қаражаттарын аудару және алу жөніндегі бұйрықтарды орындау;
- ж) бағалы қағаздар бойынша кірістерді алу және оларды клиенттердің шоттарына есептеу;
- з) клиенттерге эмитенттен ақпарат беру;
- и) клиенттердің бұйрықтары бойынша ақша қаражатын төлеу;
- к) клиентпен жасасқан шартта көзделген және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге қызметтерді көрсету.

Бекітілген

**Орталық депозитарийді лицензиялау туралы  
ЕРЕЖЕ**

**ЕСКЕРТУ.** Ереженің мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396 қаулысымен .

Бағалы қағаздар рыногындағы Орталық депозитарийді лицензиялау туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - ҚР ҰБ) Қазақстан Республикасындағы Орталық депозитарийді лицензиялау, сондай-ақ лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру тәртібін белгілейді. < \* >

**ЕСКЕРТУ.** Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1396 қаулысымен .

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім), Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2227, "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлықтарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі N 944 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Орталық депозитарий туралы ереженің" негізінде ж а с а л д ы .

2. Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыруға лицензия алу үшін біліктілік талаптары қолданылып жүрген заңдармен айқындалады.

3. Бағалы қағаздар рыногындағы Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыруға берілген лицензия (бұдан әрі - лицензия) тұрақты болып табылады.

4. Орталық депозитарийдің қызметі бағалы қағаздар рыногындағы қызметтің айрықша түрі болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайлардан басқа, кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерімен қоса а т қ а р ы л м а й д ы .

5. Лицензияның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын, күшіне енгізілген халықаралық келісімдер бар басқа да мемлекеттердің аумағында қолданылады.

**II. Лицензияны беру шарттары**

6. Лицензия алуға ниет білдірген заңды тұлғаға мынадай талаптар қойылады

:

а) Орталық депозитарийдің штатында және оның әрбір филиалында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына біліктілік куәлігі бар ең кемі үш маман болуы керек.

Бұл ретте тұлғалардың мынадай санаттары міндетті аттестациялаудан өткізілуге жатады :

бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуге қатысатын, клиенттермен тікелей жұмыс істейтін мамандар;

бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеуді қамтамасыз ететін бөлімшелер мен бөлімдердің жетекшілері;

бірінші басшы немесе оның орынбасарларының біреуі.

Осы мамандар мен басшылардың экономикалық, техникалық, заңдық жоғары немесе мамандығы бойынша кемінде үш жыл стажы бар арнаулы орта экономикалық білімдері болуы керек;

б) Орталық депозитарийдің жеке капиталының жеткілікті деңгейі оның қызметінің барлық кезеңінде ҚР ҰБ-ның талаптарына сәйкес болуы керек;

в) өзінің бағалы қағаздарының эмиссиясы тіркелуі керек;

г) Орталық депозитарий жұмысының ережелер жинағы, ақпараттар ағымдарына және құжаттар айналысына, есеп жүргізуге және есеп беруге фирмаішілік бақылау жасау жүйесі болуы керек. Өтінушіде клиенттердің, оның өз бағалы қағаздарымен заңсыз және рұқсат етілмеген операциялар жүргізуді болдырмау жөніндегі тетіктер мен рәсімдер іске қосылуға тиіс;

д) ұйымдастыру техникалары, компьютерлер және бағалы қағаздар рыногының басқа кәсіби қатысушыларымен өзара әрекеттерді жүзеге асыруға арналған телекоммуникациялық жабдықтар болуы керек;

е) құжаттамалар мен Орталық депозитарийдің қызметін тиісті дәрежеде қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдарды сақтауға арналған үй-жай болуы керек .

7. Ұсынылған құжаттар заңдардың және осы Ереженің талаптарына сәйкес келсе, өтінушіге Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия беріледі. Лицензия бекітілген үлгі бойынша ресімделеді, Лицензияның сыртқы бетіне лицензияны қолдану мерзімі көрсетілген ҚР ҰБ-ның мөртаңбасы қойылады. Сонымен қатар өтінушінің құрылтай құжаттарына тиісті белгілер жасалады - лицензиялаушы органның штампы қойылады. Құрылтай құжаттарының бір данасы өтінушіге қайтарылады және лицензияның ажыратылмайтын бөлшегі болып табылады. Екінші данасы лицензиялаушы органда сақталады .

8. Лицензия басшыға немесе өтінушінің уәкілетті өкіліне (сенімхат негізінде) беріледі.

### **III. Лицензия алу үшін қажетті құжаттар**

9. Лицензия алу үшін заңды тұлғалар ҚР ҰБ-ға мынадай құжаттарды ұсынады

:

ү л г і ө т і н і ш ;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса мемлекеттік органда тіркелген, тігілген және нотариалды жолмен куәландырылған құрылтай құжаттарының көшірмелері (екі дана);

шаруашылық жүргізу субъектінің статистикалық карточкасы;

клирингтік қызметке берілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
л и ц е н з и я с ы ;

мыналар толық болуға тиіс депозитарийдің ережелер жиынтығы (екі данада):

а) депозитарийдің функциялары;

б) депозитарийге мүше болу шарттары, депозитарийдің және оның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

в) клиенттермен жұмыс істеу регламенті;

г) депо шот құрылымы және депо шот мазмұнындағы ақпараттар;

д) бағалы қағаздармен және депо шоттармен жүргізетін операциялар бойынша депозитарий жүзеге асыратын нысандар және технологиялар, оларды е с е п к е а л у т ә р т і б і ;

е) ақша қаражаттарымен және бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге рұқсат берілген қызметкерлердің құрамы;

ж) құжаттардың және депозитарийдегі, сондай-ақ депозитариймен оның клиенттерінің арасындағы құжаттар айналысы тәртібінің нысандары;

з) мәліметтердің тұтастығы мен ақпараттардың құпиялығын қамтамасыз етуді бақылаудың ішкі ережелері. Ережеде мыналар туралы ақпараттар болуы керек:

- құжаттарды тіркеу, сақтау және архивке өткізу тәсілдері;

- архивпен жұмыс істеуге рұқсат беру тәртібі;

- мәліметтердің электрондық топтамаларын сақтау тәсілдері;

- бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді сақтау және техникалық қызмет көрсету жөніндегі бағдарламалық құралдармен жұмыс істеуге қызметкерлерге р ұ қ с а т б е р у т ә р т і б і ;

- ішкі бақылау жүйесі және мәліметтерді тексеру тәртібі;

- мәліметтер жоғалған жағдайда оларды қалпына келтіру тәсілдері;

- өртке қарсы шаралар және штаттан тыс жағдаяттардағы әрекеттер;

и) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулары;

өз капиталының жеткілікті деңгейін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес  
е с е п т е р і ;

депозитарийдің құрылтайшыларына бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтің бір түрін жүзеге асыру құқығына ҚР ҰБ берген лицензиялардың көшірмелері;

мамандардың, оның ішінде бағалы қағаздармен операциялар жүргізетін оның филиалдары мамандарының біліктілік куәліктерінің көшірмелері; біліктілік куәліктері бар мамандардың еңбек кітапшаларының көшірмелері; лицензиялық алымның төленгендігі туралы төлем тапсырмасының көшірмесі;

бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған, заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған және бухгалтерлік есептің қолданылып жүрген заңдарға сәйкестілігі туралы аудиторлық қорытындымен (аудиторлық қорытынды жылдық баланстың мәліметтері бойынша беріледі және қолданылып жүрген заңдардың талаптарына сәйкес болуы керек) расталған соңғы есепті жылдың және ҚР ҰБ құжаттарды ұсыну алдындағы соңғы есепті датаға түзетілген, соңғы тоқсанның аяғына бухгалтерлік баланстарды және балансқа қосымшаларды (қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп).

10. Орталық депозитарий қызметін лицензиялау кезінде ҚР ҰБ эмитенттен өтінушінің қызметіне қатысты қосымша құжаттамаларды талап етуге, сондай-ақ осы қызметтің қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген ережелерінің сақталысына бақылау жасауға құқықты.

ҚР ҰБ өтінушінің ұсынған құжаттарындағы мәліметтердің ақиқат еместігі үшін жауапкершілікте болмайды.

#### **IV. Лицензия алу туралы өтініштерді қарау мерзімдері**

11. Құжаттар ҚР ҰБ-на келіп түскен сәттен бастап 30 күн ішінде қаралады. Ұсынылған құжаттар қолданылып жүрген заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, ҚР ҰБ-дан ресми жауап алған сәттен бастап бір тоқсан ішінде кемшіліктерді жоюды жүзеге асыру керек. Көрсетілген мерзім асып кеткен жағдайда, өтінуші бухгалтерлік құжаттарды, аудиторлық қорытындыны және жеке капиталының соңғы есепті күн жағдайындағы есебін ұсыну керек.

#### **V. Лицензия берілгені үшін алым**

12. Лицензиялық алымның мөлшері мен оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

#### **VI. Лицензия беруден бас тарту және шағымдану**

1 3 . Е г е р :

субъектілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға заң актілерімен тыйым салынса; осы Ереженің 9-тармағына сәйкес барлық құжаттар ұсынылмаса;



лицензия берілгені үшін алым төленбесе;  
өтінушіге қатысты, оған осы қызмет түрімен шұғылдануға тыйым салатын  
с о т т ы ң ш е ш і м і б а р б о л с а ;  
өтінуші бекітілген біліктілік талаптарына сай келмесе;  
өтінуші ұсынған ақпараттың қолданылып жүрген заңдар мен ҚР ҰБ  
нормативтік актілерін бұзуға әкеп соғатындығы расталса лицензия берілмейді.

14. Лицензия беруден бас тартқан кезде өтінушіге жазбаша түрде, лицензия беру үшін белгіленген мерзімдерде дәлелді жауап беріледі.

15. Егер лицензия белгіленген мерзімде берілмесе немесе өтінушіге лицензия беруден бас тарту дәлелсіз болса, өтінуші бір ай мерзім ішінде осы әрекеттер жөнінде сот тәртібімен шағымдануға құқықты.

#### **VII. Лицензияны қолдануды тоқтату**

1 6 . Л и ц е н з и я :  
лицензияны қайтарып алынған;  
лицензия берілген заңды тұлға қайта ұйымдастырылған немесе таратылған  
жағдайларда өз қызметін тоқтатады.

17. Заңды тұлға қайта тіркелгенде лицензияны қолдану күші сақталады.

18. Лицензияның күшін тоқтатуға байланысты даулар сот тәртібімен шешіледі.

#### **VIII. Лицензияны қайтарып алу және оны қолдануды тоқтата тұру**

1 9 . Л и ц е н з и я :  
лицензиядағы талаптарды лицензиат орындамаған;  
лицензияны қолдануды тоқтатуға себеп болған кемшіліктер жойылмаған;  
лицензия бойынша жүзеге асырылатын қызмет түрімен лицензиаттың  
шұғылдануына сот тыйым салған жағдайларда қайтарылып алынуы мүмкін.

2 0 . Л и ц е н з и я н ы қ о л д а н у :  
лицензия алуға ұсынылған құжаттардағы ақпараттың ақиқат еместігі  
а н ы қ т а л ғ а н ;  
осы Ереженің 26 және 27-тармақтарының талаптары бұзылған;  
өз капиталының ең аз мөлшері ҚР ҰБ белгілеген талаптарға сәйкес келмеген;  
лицензия берілген сәттен бастап бір жыл ішінде қолданылмаған;  
бағалы қағаздар рыногын реттейтін заңдар бұзылған жағдайларда тоқтатыла  
т ұ р у ы м ү м к і н .

21. Лицензиар тоқтата тұру себептерін көрсете отырып лицензияны қолдануды алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

22. Лицензияны қолдану тоқтатыла тұрған жағдайда лицензиат анықталған жолсыздықтарды жоюға міндетті, содан кейін ҚР ҰБ-ның жазбаша хабарламасы бойынша лицензияны қолдану қайта іске қосылуы мүмкін. Лицензияны

қолдануды кідірту туралы жазбаша ескертпені алғаннан кейінгі лицензиаттың қызметі заңсыз болып саналады және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

23. Лицензия қайтарылып алынған жағдайда лицензиат ресми хабарлама алған сәттен бастап он күн ішінде лицензияны және ҚР ҰБ-ның белгісі қойылған жарғыны ҚР ҰБ қайтаруға міндетті.

24. Лицензияны қайтарып алу немесе қолдануды тоқтата тұру туралы ҚР ҰБ шешімі жөнінде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **IX. Лицензиялық ережелердің сақталуына бақылау жасау**

25. Орталық депозитарийдің қызметіне бақылау жасауды ҚР ҰБ-ның атқарушы аппараты жүзеге асырады.

26. Лицензия алған тұлға осы Ереженің 9-тармағына сәйкес лицензиялауға ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы ҚР ҰБ-ға жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

Өзгерістер туралы деректер ҚР ҰБ-ға он күн мерзімде берілу керек.

27. Лицензиат ҚР ҰБ белгілеген мерзімде бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыру бойынша жұмыс қорытындылары туралы есеп беруге міндетті.

28. Лицензияны қолдануға бақылау жасау барысында ҚР ҰБ Орталық депозитарийдің қызметіне тексеріс жүргізуге міндетті. Лицензиат сұрау алған сәттен бастап он күннен кешіктірілмей ҚР ҰБ талап еткен ақпаратты беруге міндетті.

Орталық депозитарий жүзеге асыратын жұмыстар мен қызметтердің тізбесі:

- а) депоненттердің бағалы қағаздарын нақтылы ұстаушысының функциялары;
- б) бағалы қағаздармен жасалатын мәліметтерді орындау;
- в) депоненттердің және олардың клиенттерінің бағалы қағаздарына құқықтарды белгілеу және осы құқықтарды растау;
- г) бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларымен өзара іс-қимыл;
- д) бір мезгілде ақысын төлей отырып, депоненттердің бағалы қағаздарына құқықтарды тіркеу;
- е) есеп айырысу-клирингтік қызмет;
- ж) трансфер-агенттер құру, олардың қызметтерінің ресімдері мен ережелерін бекіту;
- з) консультациялық, ақпараттық және депонентпен жасасқан шарт бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін қызметтердің өзге түрлері.

